«АШАІМИ» РМК
директорының
2026 жылғы 2 қарашадағы
№ 186-Ө бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің
«Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АШАІМИ)»
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының

ПАРАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ПАРАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

құжатталған ақпараты

Алматы қ., 2026 ж.

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Қолданылу саласы 3

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар 3

3-тарау. Жалпы ережелер 4

4-тарау. Сыбайлас жемқорлық әрекетінің жасалуына қатысты күдік туындаған жағдайда жұмыскердің іс-қимыл тәртібі 7

5-тарау. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар туындаған кезде жұмыскерлердің іс-қимыл алгоритмі 8

6-тарау. Бағыныста жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін басшылардың жауапкершілігі 8

7-тарау. Қорытынды ережелер.....9

Қосымша 10

1. Қолданылу саласы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АШАІМИ)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) осы Парақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар туындаған кезде жұмыскерлердің іс-қимыл тәртібін айқындайды.

Осы Нұсқаулықпен танысу және оның талаптарын сақтау Кәсіпорынның барлық лауазымды адамдары мен жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады.

Осы Нұсқаулықта белгіленген талаптар ең төменгі қажетті талаптар болып табылады және нақты жағдайға байланысты қосымша шаралар қабылдауды шектемейді

2. Терминдер мен анықтамалар

Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) **сыбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзі не үшінші тұлғалар үшін мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе иемдену мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

2) **парақорлыққа қарсы іс-қимыл –** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

3) **мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) **пара** – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам немесе оған теңестірілген адам, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам немесе лауазымды адам, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық

ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқықтар немесе мүліктік сипаттағы пайдалар;

5) **параны қорқытып алу –** адамның пара берушінің немесе ол өкілдік ететін адамдардың заңды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін әрекеттерді жасау қатерін төндіру арқылы пара талап етуі не пара берушіні заңмен қорғалатын мүдделеріне зиянды салдардың туындауын болдырмау мақсатында пара беруге мәжбүр ететін жағдайларды қасақана жасауы;

6**) лауазымды адам** – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

7) **мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам** – квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген не мемлекеттік бюджеттің қаражатынан қаржыландырылатын жобаларды іріктеу мен іске асыруға жауапты, квазимемлекеттік сектор субъектісінде дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам;

8) **квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам** – тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісінде ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

9) **ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар** – қызмет бойынша бағыныста адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныста адамдарға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

10) **әкімшілік-шаруашылық функциялар** – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген құқық.

Нұсқаулық мәтінінде пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құжаттарында бекітілген мағыналарына сәйкес қолданылады.

3. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасында пара алу және пара беру әрекеттері заңға қайшы болып табылады және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің қолданысына жатады.

Егер ақша, өзге де мүлік немесе материалдық қызметтер көрсету түріндегі мүліктік игіліктер лауазымды адамның туыстары мен жақындарына оның келісімімен берілсе не ол бұған қарсылық білдірмей, өзінің қызметтік

өкілеттіктерін пара берушінің пайдасына пайдаланса, лауазымды адамның әрекеттері пара алу ретінде сараланууға тиіс.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес параның нысанасы ақша, бағалы қағаздар және өзге де мүлікпен қатар өтеусіз көрсетілетін, бірақ әдетте ақы төленуге тиіс мүліктік сипаттағы игіліктер де болуы мүмкін (туристік жолдамалар беру, пәтерді жөндеу, саяжай салу және т.б.).

Мүліктік сипаттағы игіліктерге, атап айтқанда, берілетін мүліктің, жекешелендірілетін объектілердің құнын төмендету, жалдау төлемдерін және банктік қарыздарды пайдаланғаны үшін пайыздық мөлшерлемелерді азайту жатады.

Пара алу және пара беру – бір қылмыстық әрекеттің өзара байланысты екі жағы. Бұл ретте параны алатын адам (пара алушы) және оны беретін адам (пара беруші) болады.

Пара алу – лауазымдық қылмыстардың ең қауіпті түрлерінің бірі. Бұл қылмыстың адамдар тобымен жасалуы немесе параны қорқытып алумен ұштасуы оның қоғамдық қауіптілігін арттырады. Пара алу лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуынан көрінеді.

Пара беру – лауазымды адамды пара берушінің пайдасына заңды немесе заңсыз әрекеттер жасауға (әрекетсіздік танытуға), қандай да бір артықшылықтар беруге немесе алуға, оның ішінде қызметі бойынша жалпы қамқорлық көрсетуге немесе жол берушілік танытуға итермелеуге бағытталған қылмыс.

Параның нысанасы мыналар болуы мүмкін:

1) заттар, ақша, оның ішінде валюта, банк чектері мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, азық-түлік өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық құралдар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және өзге де жылжымайтын мүлік;

2) игіліктер – емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығындарды өтеусіз немесе төмендетілген бағамен төлеу;

3) пара берудің жасырын нысаны – банктік қарыз беру немесе жоқ қарызды өтеу түрінде ақша беру, тауарлардың ақысын жоғары бағамен төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстары мен достарына жалақы төлеуді көздейтін жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдетілген кредит алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін төленетін қаламақы мөлшерін арттыру, казинода «кездейсоқ» ұтысқа ие болу, қарызды кешіру, жалдау ақысын төмендету, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді азайту және т.б.

Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе оны реттеу жөніндегі шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды сақтау, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында жасалған өтініштер туралы Кәсіпорын басшылығына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне хабарлау, сондай-ақ парақорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген өзге де міндеттерді орындау маңызды.

Кейбір сөздер, сөз тіркестері мен ишараларды айналадағы адамдар пара беруді сұрау (тұспалдау) ретінде қабылдауы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Мұндай сөз тіркестеріне, мысалы, мыналар жатады:

1) «Мәселе қиын, бірақ шешуге болады»;

2) «Құрғақ қасық ауыз жыртар»;

3) «Келісейік»;

4) «Салмақты дәлелдер қажет»;

5) «Шарттарын талқылау қажет»;

6) «Сонымен, не істейміз?және т.б.

Ұйым өкілдерімен және азаматтармен белгілі бір тақырыптарды талқылау, әсіресе лауазымды адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне мүдделі тұлғалармен осындай әңгіме жүргізу пара сұрау ретінде қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптарға, мәселен, мыналар жатады:

1) жалақының төмендігі және белгілі бір қажеттіліктерді өтеуге қаражаттың жетіспеуі;

2) қандай да бір мүлікті сатып алуға, қызмет түрін пайдалануға немесе туристік сапарға шығуға ниетті болу;

3) лауазымды адамның туыстарының жұмыссыз болуы;

4) лауазымды адамның балаларын білім беру ұйымдарына оқуға түсіру қажеттілігі және т.б.

Лауазымды адамдардың белгілі бір ұсыныстары, әсіресе олардың шешімдері мен әрекеттеріне байланысты пайда көретін ұйым өкілдері мен азаматтарға айтылған жағдайда, пара сұрау ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай ұсыныстар ізгі ниетпен айтылып, лауазымды адамның жеке пайдасына ешқандай қатысы болмаса да, пара сұрау ретінде қабылдануы мүмкін.

Мұндай ұсыныстарға, мәселен, мыналар жатады:

1) лауазымды адамға және (немесе) оның туыстарына жеңілдік жасау;

2) анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін белгілі бір компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;

3) белгілі бір қайырымдылық қорына ақша аудару;

4) белгілі бір спорт командасына қолдау көрсету және т.б.

3.7. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы ықтимал жағдайлар және мұндай жағдайларда өзін-өзі ұстау қағидалары жөніндегі ұсынымдар.

Арандатушылық:

Қызмет алу үшін жүгінген азаматтар мен бөлімшенің қызметін тексеретін лауазымды адамдар тарапынан болуы мүмкін арандатушылық әрекеттердің алдын алу мақсатында:

1) келушілер мен жеке заттар (киім, портфель, сөмкелер және т.б.) орналасқан қызметтік үй-жайларды қараусыз қалдырмау;

2) келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттардың арасынан қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, өз бетінше ешқандай әрекет жасамай, бұл туралы басшылыққа дереу хабарлау.

Параны қорқытып алу:

1) өзін барынша сақ әрі сыпайы ұстау, жағымпаздық танытпау, параны қабылдауға дайын екеніңізді немесе одан үзілді-кесілді бас тартатыныңызды білдіретіндей асығыс әрі ойланбай айтылған сөздерге жол бермеу;

2) өзіңізге ұсынылған шарттарды мұқият тыңдап, нақты есте сақтау (ақша сомасының мөлшері, тауарлардың атауы мен көрсетілетін қызметтердің сипаты, параны беру мерзімі мен тәсілдері, мәселелерді шешу реті);

3) параны беру уақыты мен орны туралы мәселені келесі әңгімеге қалдыруға тырысу және келесі кездесу үшін өзіңізге жақсы таныс орынды ұсыну;

4) әңгіме барысында бастаманы өз қолыңызға алмау, көбірек тыңдап, әңгімелесушінің ойын толық жеткізуіне және мүмкіндігінше көбірек мәлімет беруіне мүмкіндік жасау;

5) пара беруге келіскен жағдайда мәселеңіздің шешілетініне қандай кепілдік берілетінін сұрау;

6) диктофон болған жағдайда параға қатысты ұсынысты жазып алуға тырысу;

7) аталған факті туралы Кәсіпорынның жоғары тұрған басшылығына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысына қызметтік жазба арқылы баяндау;

8) дайындалып жатқан қылмыс туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына жазбаша не ауызша хабарлау.

Мүдделер қақтығысы:

1) мүдделер қақтығысының туындау ықтималдығына мұқият қарау;

2) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдау;

3) мүдделер қақтығысы туындағаны немесе оның туындау мүмкіндігі туралы белгілі болған жағдайда өзінің тікелей басшысына жазбаша түрде хабарлау;

4) туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде тікелей басшымен келісе отырып, тиісті шаралар қабылдау;

5) мүдделер қақтығысына қатысы бар жұмыскердің қызметтік жағдайын белгіленген тәртіппен өзгерту, қажет болған жағдайда оны қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету және/немесе жұмыскердің мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған игіліктерден бас тартуы;

6) Кәсіпорынның мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі Саясатта көзделген өзге де шараларды қабылдау.

4. Сыбайлас жемқорлық әрекетінің жасалуына қатысты күдік туындаған жағдайда жұмыскердің іс-қимыл тәртібі

Өз қалауыңыз бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе 1424 Call-орталығына ауызша не жазбаша өтінішпен жүгіне аласыз.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарлау тәсілдерінің бірі – анонимді өтініш беру. Мұндай жағдайда өтініш беруші өзінің жеке басын көрсетпегендіктен, өтінішіне жауап ала алмайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық туралы анонимді хабар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп бола алмайды.

Сізден параны қорқытып алған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгініп, параны қорқытып алу фактісі туралы арыз жазуыңыз қажет. Арызда мынадай мәліметтерді нақты көрсету керек:

1) лауазымды адамдардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) сізден параны қорқытып алып жатқанын немесе коммерциялық ұйымдар өкілдерінің қайсысы сізді пара беруге итермелеп жатқанын;

2) қорқытып талап етіліп отырған параның сомасы мен сипатын;

3) қандай нақты әрекеттерді жасағаны (әрекетсіздігі) үшін сізден пара талап етіліп отырғанын;

4) параны тікелей беру қай уақытта, қай жерде және қандай тәсілмен жүзеге асырылуға тиіс екенін.

5. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдайлар туындаған кезде жұмыскерлердің іс-қимыл алгоритмі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар, жұмыскерлер осы Нұсқаулыққа сәйкес Кәсіпорын басшылығына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысына хабарлау жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

Бұл ретте жұмыскерлер мүмкіндігінше өздерінің мәлімдеген деректерін растайтын мәліметтер мен материалдарды (куәгерлер туралы мәліметтер, құжаттар, хат-хабарлар, оның ішінде мессенджерлердегі жазбалар, аудио және бейнематериалдар және т.б.) ұсынады.

6. Бағынысты жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін басшылардың жауапкершілігі

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды күшейту мақсатында бағынысты жұмыскерлер қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық немесе өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған және олардың кінәсі сотта дәлелденген жағдайларда, басшылардың заңнамада белгіленген негіздер бойынша дербес жауапкершілігі көзделеді.

Кәсіпорын жұмыскері қызметтік міндеттерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлық немесе өзге де қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактілері бойынша қылмыстық қудалауға ұшыраған жағдайда, оны жұмыстан шеттету Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген негіздер мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Аталған жұмыскердің тікелей басшысы заңнамада көзделген негіздер болған жағдайда оны жұмыстан шеттету жөнінде тиісті шаралар қабылдауға міндетті.

Жұмыскерлердің тікелей бағыныстылығы Кәсіпорынның бекітілген ұйымдық құрылымында айқындалады.

Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Тәртіптік жауапкершілік мынадай жазаларды көздейді:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген негіздер бойынша жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 24-бабына сәйкес, тікелей бағынысты жұмыскері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы өз бастамасымен хабарлаған лауазымды адамдарға жоғарыда аталған жауапкершілік қолданылмайтынын ескеру қажет.

Кәсіпорын жұмыскері қызметтік міндеттерін орындау барысында белгілі болған сыбайлас жемқорлық немесе өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарласа не осындай құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдем көрсетсе, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің қорғауында болады және белгіленген тәртіппен көтермеленеді. Бұл ереже сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат берген адамдарға қолданылмайды. Мұндай адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7. Қорытынды ережелер

Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар Кәсіпорын директорының бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Нұсқаулықтың талаптарын адал орындау жөніндегі міндеттемесін оның қосымшасында көзделген нысан бойынша растауға міндетті.

Парақорлыққа қарсы
іс-қимыл жөніндегі
нұсқаулыққа қосымша

Растама

Тиісті ұяшықтарды белгілеңіз

□ «АШАІМИ» РМК-ның Парақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығын оқып, танысқанымды растаймын;

□ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және «АШАІМИ» РМК-ның Парақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;

□ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын немесе «АШАІМИ» РМК-ның Парақорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығын бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен атқарып отырған лауазымымнан босатуға дейінгі кез келген жауапкершілік түріне тартылуым мүмкін екенінен хабардармын.

Толтырылған және қол қойылған растама нысаны «АШАІМИ» РМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

_____

_____

қолы, аты-жөні, лауазымы

УТВЕРЖДЕНА
приказом директора
РГП «ГИСХАГИ»
от 2 ноября 2026 года № 186-Ө

СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВУ

республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Государственный институт сельскохозяйственных аэрофотогеодезических изысканий (ГИСХАГИ)» Комитета по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан

Документированная информация

ИНСТРУКЦИЯ ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ ВЗЯТОЧНИЧЕСТВА

г. Алматы, 2026 год

СОДЕРЖАНИЕ

Глава 1. Область применения 3

Глава 2. Термины и определения..... 3

Глава 3. Общие положения 4

Глава 4. Порядок действий работника при появлении подозрений в совершении коррупционного действия 7

Глава 5. Алгоритм действий работников при ситуации коррупционного характера……..8

Глава 6. Ответственность руководителей, за коррупционное правонарушение подчиненных..... 8

Глава 7. Заключительные положения ..... ….9

Приложение……..…..10

1. Область применения

Настоящая Инструкция по противодействию взяточничества республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Государственный институт сельскохозяйственных аэрофотогеодезических изысканий (ГИСХАГИ)» Комитета по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – Предприятие) устанавливает порядок действий работников Предприятия в случае возникновения ситуации коррупционного характера.

Настоящая Инструкция по противодействию взяточничества (далее – Инструкция) является обязательной для ознакомления и применения всеми должностными лицами и работниками Предприятия.

Приведенные в настоящей Инструкции требования являются минимально необходимыми и не должны рассматриваться как исчерпывающие и/или ограничивающие для конкретного случая.

2. Термины и определения

Основные понятия, используемые в Инструкции:

1) **коррупция** – незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ;

2) **противодействие взяточничеству** – деятельность субъектов противодействия коррупции в пределах своих полномочий по предупреждению коррупции, в том числе по формированию антикоррупционной культуры в обществе, выявлению и устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, а также по выявлению, пресечению, раскрытию и расследованию коррупционных правонарушений, и устранению их последствий;

3) **конфликт интересов** – противоречие между личными интересами лиц, занимающих ответственную государственную должность, лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций, лиц, приравненных к ним, должностных лиц и их должностными полномочиями, при котором личные интересы указанных лиц могут привести к ненадлежащему исполнению ими своих должностных полномочий;

4) **взятка** – получаемые лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, либо приравненным к нему лицом, или лицом, занимающим ответственную государственную должность, либо должностным лицом, а равно должностным лицом иностранного государства или международной организации лично или через посредника деньги, ценные

бумаги, иные имущества, права на имущество или выгоды имущественного характера;

5) **вымогательство взятки** – требование лицом взятки под угрозой совершения действий, которые могут причинить ущерб законным интересам взяткодателя или представляемых им лиц, либо умышленное создание таких условий, при которых он вынужден дать взятку с целью предотвращения вредных последствий для правоохраняемых интересов;

6) **должностное лицо** – лицо, постоянно, временно или по специальному полномочию осуществляющее функции представителя власти либо выполняющее организационно–распорядительные или административно–хозяйственные функции представителя власти, либо выполняющее организационно–распорядительные или административно–хозяйственные функции в государственных органах, субъектах квазигосударственного сектора, органах местного самоуправления;

7) **лицо, приравненное к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций** – лицо, исполняющее управленческие функции в субъекте квазигосударственного сектора, а также лицо, уполномоченное на принятие решений по организации и проведение закупок, в том числе государственных, либо ответственное за отбор и реализацию проектов, финансируемых из средств государственного бюджета, занимающее должность не ниже руководителя самостоятельного структурного подразделения в субъекте квазигосударственного сектора;

8) **лицо, исполняющее управленческие функции в субъекте квазигосударственного сектора** – лицо, постоянно, временно либо по специальному полномочию исполняющее организационно–распорядительные или административно–хозяйственные функции в субъекте квазигосударственного сектора;

9) **организационно-распорядительные функции** – предоставленное в установленном законом Республики Казахстан порядке право издавать приказы и распоряжения, обязательные для исполнения подчиненными по службе лицами, а также применять меры поощрения и дисциплинарные взыскания в отношении подчиненных;

10) **административно-хозяйственные функции** – предоставленное в установленном действующим законодательством порядке право управления и распоряжения имуществом, находящимся на балансе организации.

Иные термины и определения, используемые по тексту Инструкции, применяются в соответствие со значением, закрепленном в законодательных и нормативных документах Республики Казахстан.

3. Общие положения

Действия по получению и даче взятки в Республике Казахстан противозаконны и подпадают под действие Уголовного кодекса и Кодекса об административных правонарушениях.

В случае если имущественные выгоды в виде денег, иного имущества, оказания материальных услуг предоставлены родным и близким должностного лица с его согласия либо если он не возражал против этого и использовал свои служебные полномочия в пользу взяткодателя, действия должностного лица следует квалифицировать как получение взятки.

В соответствии с действующим законодательством предметом взятки наряду с деньгами, ценными бумагами и иным имуществом могут быть выгоды имущественного характера, оказываемые безвозмездно, но подлежащие оплате (предоставление туристических путевок, ремонт квартиры, строительство дачи и т.п.).

Под выгодами имущественного характера следует понимать, в частности, занижение стоимости передаваемого имущества, приватизируемых объектов, уменьшение арендных платежей, процентных ставок за пользование банковскими ссудами.

Получение взятки и дача взятки — это две исчерпывающие стороны одной преступной модели если речь идет о взятке, это значит, что есть тот, кто получает взятку (взяткодатель) и тот, кто ее дает (взяткодатель).

Получение взятки – это одно из самых опасных должностных преступлений, особенно если оно совершается группой лиц или сопровождается вымогательством, которое заключается в получении должностным лицом преимуществ и выгод за законные или незаконные действия (бездействия).

Дача взятки – преступление, направленное на склонение должностного лица к совершению законных или незаконных действий (бездействий), либо предоставлению, получению каких–либо преимуществ в пользу дающего, в том числе за общее покровительство или попустительство по работе.

Предметами взятки могут быть:

1) предметы, деньги, в том числе валюта, банковские чеки и ценные бумаги, изделия из драгоценных металлов и камней, автомашины, продукты питания, видеотехника, бытовые приборы и другие товары, квартиры, дачи, загородные дома, гаражи, земельные участки и другая недвижимость;

2) выгоды: лечение, ремонтные и строительные работы, санаторные и туристические путевки, поездки за границу, оплата развлечений и других расходов безвозмездно или по заниженной стоимости;

3) завуалированная форма взятки – банковская ссуда в долг или под видом погашения несуществующего долга, оплата товаров по завышенной цене, покупка товаров по завышенной цене, заключение фиктивных трудовых договоров с выплатой зарплаты взяточнику, его родственникам, друзьям, получение льготного кредита, завышение гонораров за лекции, статьи, и книги, «случайный» выигрыш в казино, прощение долга, уменьшение арендной платы, уменьшение процентных ставок по кредиту и т.д.

Важно соблюдать ограничения, запреты и требования о предотвращении или о регулировании конфликта интересов, обязанность об уведомлении руководства и антикоррупционной комплаенс-службы Предприятия об обращениях в целях склонения к совершению коррупционных правонарушений, иные обязанности, установленные в целях противодействия взяточничества.

Следует отметить, что некоторые слова, выражения и жесты могут быть восприняты окружающими как просьба (намек) о даче взятки.

К таким выражениям относятся, например:

1) *«Вопрос решить трудно, но можно»;*

2) «Спасибо на хлеб не намажешь»;

3) «Договоримся»;

4) «Нужны более веские аргументы»;

5) «Нужно обсудить параметры»;

6) «Ну, что делать будем?» и т.д.

Обсуждение определенных тем с представителями организаций и гражданами, особенно с теми из них, чья выгода зависит от решений и действий должностных лиц, может также восприниматься как просьба о даче взятки.

К числу таких тем относятся, например:

1) низкий уровень заработной платы и нехватка денежных средств на реализацию тех или иных нужд;

2) желание приобрести то или иное имущество, получить ту или иную услугу, отправиться в туристическую поездку;

3) отсутствие работы у родственников должностного лица;

4) необходимость поступления детей должностного лица в образовательные учреждения и т.д.

Определенные исходящие от должностного лица предложения, особенно если они адресованы представителям организаций и гражданам, чья выгода зависит от их решений и действий, могут восприниматься как просьба о даче взятки. Это возможно даже в том случае, когда такие предложения продиктованы благими намерениями и никак не связаны с личной выгодой должностного лица.

К числу таких предложений относятся, например, предложения:

1) предоставить должностному лицу и (или) его родственникам скидку;

2) воспользоваться услугами конкретной компании и (или) экспертов для устранения выявленных нарушений, выполнения работ в рамках государственного контракта, подготовки необходимых документов;

3) внести деньги в конкретный благотворительный фонд;

4) поддержать конкретную спортивную команду и т.д.

3.7. Возможные ситуации коррупционной направленности, а также рекомендации по правилам поведения.

Провокации:

Во избежание возможных провокаций со стороны обратившихся за услугой граждан, должностных лиц, осуществляющих проверку деятельности подразделения:

1) не оставлять без присмотра служебные помещения, в которых находятся посетители и личные вещи (одежда, портфели, сумки и т.д.);

2) в случае обнаружения после ухода посетителя на рабочем месте или в личных вещях каких–либо посторонних предметов, не предпринимая никаких самостоятельных действий, немедленно доложить руководству.

Вымогательство взятки:

1) вести себя крайне осторожно, вежливо, без заискивания, не допуская опрометчивых высказываний, которые могли бы трактоваться либо как готовность, либо как категорический отказ принять предмет взятки;

2) внимательно выслушать и точно запомнить предложенные вам условия (размеры сумм, наименование товаров и характер услуг, сроки и способы передачи взятки, последовательность решения вопросов);

3) постараться перенести вопрос о времени и месте передачи предмета взятки до следующей беседы и предложить хорошо знакомое вам место для следующей встречи;

4) не берите инициативу в разговоре на себя, больше «работайте на прием», позволяйте собеседнику «выговориться», сообщить вам как можно больше информации;

5) поинтересуйтесь о гарантиях решения вашего вопроса в случае вашего согласия дать взятку;

6) при наличии у вас диктофона постараться записать предложение о предмете взятки;

7) доложить о данном факте в виде служебной записки вышестоящему руководству и руководителю антикоррупционной комплаенс-службы Предприятия;

8) обратиться с письменным или устным сообщением о готовящемся преступлении в уполномоченный орган по противодействию коррупции или в Call-центр 1424.

Конфликт интересов:

1) внимательно относиться к любой возможности конфликта интересов;

2) принимать меры по недопущению любой возможности возникновения конфликта интересов;

3) в письменной форме уведомить своего непосредственного руководителя о возникшем конфликте интересов или о возможности его возникновения, как только вам станет об этом известно;

4) принять меры по преодолению возникшего конфликта интересов по согласованию с непосредственным руководителем;

5) изменить служебное положение сотрудника, являющегося стороной конфликта интересов, вплоть до его отстранения от исполнения служебных обязанностей в установленном порядке, и/или в отказе его от выгоды, явившейся причиной возникновения конфликта интересов;

6) принять иные меры, предусмотренные Политикой по предотвращению и урегулированию конфликта интересов Предприятия.

4. Порядок действий работника при появлении подозрений в совершении коррупционного действия

По своему усмотрению вы можете обратиться с устным или письменным заявлением в уполномоченный орган по противодействию коррупции или в Call-центр 1424.

Одной из форм сообщения о правонарушении коррупционного характера является анонимное обращение. Хотя в этом случае заявитель не может ввиду анонимности рассчитывать на получение ответа, а само анонимное обращение о преступлении не может служить поводом для возбуждения уголовного дела, за исключением случаев, когда в таком обращении содержаться сведения о готовящихся или совершенных уголовных правонарушениях.

В случае вымогательства взятки вам нужно обратиться в уполномоченный орган по противодействию коррупции и написать заявление о факте вымогательства у вас взятки, в котором точно указать:

1) кто из должностных лиц (ФИО, должность) вымогает у вас взятку или кто из представителей коммерческих структур толкает вас на совершение подкупа;

2) какова сумма и характер вымогаемой взятки;

3) за какие конкретно действия (или бездействия) у вас вымогают взятку;

4) в какое время, в каком месте и каким образом должна произойти непосредственная дача взятки.

5. Алгоритм действий работников при ситуации коррупционного характера

Наряду с обращением в уполномоченный орган по противодействию коррупции работники в соответствии с данной Инструкцией должны принять меры по уведомлению руководства и руководителя антикоррупционной комплаенс-службы Предприятия.

При этом работники по мере возможности предоставляют законодательную базу по своим доводам (свидетели, документы, переписка, в том числе посредством мессенджеров, аудио и видео материалы и т.д.).

6. Ответственность руководителей, за коррупционное правонарушение подчиненных

В целях усиления мер, направленных на предупреждение коррупции, предусмотрена норма, подразумевающая персональную ответственность руководителей, чьи подчиненные совершили коррупционное правонарушение или иные уголовные правонарушения при исполнении своих функциональных обязанностей и их вина доказана в суде.

В случае вовлечения работника Предприятия в орбиту уголовного преследования по фактам совершения коррупционного правонарушения и иных уголовных правонарушений при исполнении своих функциональных обязанностей, данный работник в соответствии с Трудовым кодексом отстраняется от исполнения своих должностных обязанностей на период проведения досудебного расследования.

Непосредственный руководитель данного работника обязан предпринять соответствующие меры по отстранению работника от исполнения своих должностных обязанностей.

Непосредственная подчиненность определена в утвержденной Организационной структуре Предприятия.

Руководители государственных органов, организаций, субъектов квазигосударственного сектора несут дисциплинарную ответственность в соответствии с законами Республики Казахстан за неисполнение или ненадлежащее исполнение должностных обязанностей по предупреждению совершения коррупционных правонарушений подчиненными сотрудниками.

Дисциплинарная ответственность предполагает вынесение:

1) замечания;

2) выговора;

3) строгого выговора;

4) расторжение трудового договора по инициативе работодателя по основаниям, предусмотренным Трудовым кодексом.

Необходимо принять во внимание, что вышеуказанная ответственность не распространяется на должностные лица, самостоятельно сообщившие о факте коррупционного правонарушения, совершенном непосредственным подчиненным, согласно статье 24 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции».

Работник, сообщивший о факте коррупционного правонарушения и иных уголовных правонарушениях или иным образом оказывающий содействие в противодействии коррупции и иных уголовных правонарушениях при исполнении работником Предприятия своих функциональных обязанностей находится под защитой государства и поощряется в порядке, установленном Правительством Республики Казахстан. Данное положение не распространяется на лиц, сообщивших заведомо ложную информацию о факте коррупционного правонарушения, которые подлежат ответственности в соответствии с действующим законодательством.

7. Заключительные положения

Изменения и/или дополнения, вносимые в Инструкцию, вступают в силу со дня ее утверждения приказом директора.

Должностные лица и работники Предприятия обязаны подтвердить по форме, предусмотренной Приложением к настоящей Инструкции, свое обязательство добросовестно следовать настоящей Инструкции.

Приложение
к Инструкции по
противодействию взяточничества

Подтверждение

Пожалуйста, отметьте соответствующие ячейки

□ Я подтверждаю, что изучил(а) Инструкцию по противодействию взяточничества РГП «ГИСХАГИ»;

□ Я обязуюсь строго следовать требованиям, установленным антикоррупционным законодательством Республики Казахстан, Инструкцией по противодействию взяточничества РГП «ГИСХАГИ»;

□ Я уведомлен(а) о том, что в случае нарушения мною антикоррупционного законодательства Республики Казахстан, Инструкции по противодействию взяточничества РГП «ГИСХАГИ», меня могут привлечь к любому виду ответственности, вплоть до освобождения от занимаемой должности, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Заполненная и подписанная форма–подтверждение хранится в личном деле должностных лиц и работников РГП «ГИСХАГИ».

«_____»_____202___г.

_____ _____
(подпись) *(фамилия)*